«№ 3 Хромтау орта мектебі» КММ қамқоршылық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ №3

Өтілген күні: 18.02.2021 ж

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, ата-аналар, жергілікті мекеме қызметкерлері

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1.«Құқық бұзушылықтың алдын алу – басты міндет»

2.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

3.Тәрбие бағытындағы оқушылар жетістіктері туралы

Тыңдалды:

1.ДТІЖО – Иманова Б.Е. «Құқық бұзушылықтың алдын алу – басты міндет»

Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Осы бағытта мектебімізде жылдық жоспарға сай жұмыстар жүргізілуде. Аудандық ІІБ есебінде тұрған оқушы жоқ, дегенмен мектепішілік есепте 3 оқушы тұр. Бүгінгі күні класс жетекші , пән мұғалімі , ата-ана тарапынан бақылауды күшейтіп, оқушылардың тәртібі оқу үлгерімі тоқсан сайын зерделеніп, кеткен кемшіліктермен жұмыс жасау жолға қойылып отыр.

Сөз алғандар: Кеңес мүшесі –Аманғалиева Н.Ж.

Есепте тұрған оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру қарастырылды ма?

Өз кезегінде талқыланып, қойылған сұраққа жауап берілді.

2.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру –ДТІЖО /Кулумгарина Р.Ж./

Ақтөбе облысы білім басқармасының 10.10.2016 ж №5-5238 хаты негізінде АББ-нің 31.10.2016ж №483 бұйрығы негізінде «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылды. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жетекшісі болып Иманова Б.Е бекітілді. Парасат бұрышы жасақталып, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасының ережелері, мақсат міндеттері туралы ақпараттар жарияланды. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы ұйымының құрамында 18 оқушы бар. Мектебімізде 23-қаңтар күні 9-11 сыныптар арасында «Адал ұрпақ» ұйымының жетекшісі Иманова Б.Е. «Сыбайлас жемқорлық - қоғамның өзекті мәселесі» тақырыбында зум платформасы арқылы адалдық сағаттарын өткізді. Мақсаты: Оқушылардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрарлық мәдениетін қалыптастырып, құқықтық сауаттылығын арттыру. Отанға деген сүйіспеншілікке, адамдарды құрметтеуге, көрегенділік пен адалдыққа тәрбиелеу. Сабақ барысында сыбайлас жемқорлық туралы Абай атамыздың «Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қазақтың әулиесі -сол» нақыл сөздерін тілге тиек етіп, ұлы ғұламалардың қанатты сөздерін пайдалана отырып, адалдық, парасаттылық, жемқорлық туралы айтып өтті. Адалдық сағатына оқушылар белсене қатысып өз ойларымен бөлісті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» атты оқушылар арасында сурет көрмесі өткізілді. «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында 1-11 сыныптар арасында тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты: "Сыбайлас-жемқорлық" деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Патриоттық тәрбие қалыптастыру.

3.**Тәрбие бағытындағы оқушылар жетістіктері туралы**- ДТІЖО /Иманова Б.Е./

Аудандық «Балалар өкілдіктері» байқауына қатысқан 10 ә сынып оқушысы Сапина Аружан «Бас жүлде» иеленді. Қазіргі таңда облыстық балалар өкілдіктерінің мүшесі.

«Талаптың аты арындап» атты аудандық жыр –мүшәйрасына белсене қатысып, Бауыржанова Мөлдір -ІІІ орынмен марапатталды.

«Тоғызқұмалақ» аудандық оқушылар спартакиадасынан 10 «а» сынып оқушылары Дощанова Гүлназ, Темірбаева Фарида, Бауыржанова Мөлдір -ІІ орынмен марапатталды.

Республикалық "Ұлттық аспапта ойнау" жанры бойынша Үйтолы Дариға- І орынмен марапатталды.

Республикалық "Үздік мәнерлеп оқу" байқауында Бауыржанова Мөлдір- І орынмен марапатталды.

Аудандық "Тіл- асыл қазына" іс шарасына белсене қатысқан №3 ХОМ оқушылары марапатталды.

«Шахмат» аудандық оқушылар спартакиадасынан 7 «а» сынып оқушылары -Қайырбай Қанат, Самат Саян- ІІ орынмен марапатталды. «Асық ату» облыстық спартакиадасынан 7 «б» сынып оқушысы Серік Альтаир- І орынмен, 6 «а» сынып оқушылары Елеусіз Ерахмет, Асқар Мақсат –І орынмен марапатталды. Тұңғыш президентіміздің қолдауымен бастау алған «Елбасы медалі» жобасына қатысып, 9ә сынып оқушысы Қажет Сұлтанбек, 10а сынып оқушылары Темірбаева Ф, Дощанова Г, 10 ә сынып оқушысы Сапина Аружан - қола медалін иеленді.

Шешімі:

1.Мектепішілік есепте тұрған оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу, әлеуметтік жағдайын назардан тыс қалдырмау.

2.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмысты жүйелі түрде жалғастыру.

3.Тәрбие бағытындағы оқушылар жетістіктері қанағаттанарлық деңгейде .

Қамқоршылық кеңес төрайымы: **Кеукенова Г.Н.**

Хатшы: **Жолдыбаева Г.Ж**